


# «БЖЗҚ» АҚ 2022-2026 жж. корпоративтік даму стратегиясы



Алматы, 2022 жылдың маусымы

# «БЖЗҚ» АҚ 2022-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

*«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі 08.10.2021 ж. бекітіп, келесі құжаттарға сәйкес дайындалған:*

- «Қазақстан-2050» мемлекеттік стратегиясында айқындалған әлеуметтік саясаттың 2012 жылғы қағидаттары;
- Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін 2030 жылға дейінгі одан әрі жаңғыртудың 2014 жылғы тұжырымдамасы;
- 2020-2025 жылдарға арналған қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту жөніндегі 2020 жылғы тұжырымдама.

*11.10.2017 ж. «БЖЗҚ» АҚ Директорлар Кеңесі бекіткен (№5 хаттама) «БЖЗҚ» АҚ 2017-2021 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясында айқындалған негізгі даму бағыттарының жалғасы болып табылады.*

# МИССИЯ, ПАЙЫМДАУ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР

2017  2021

## МИССИЯ

Қызмет көрсету сапасын арттыру, зейнетақы активтерін дұрыс есепке алу, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын жоспарлау мәдениетін арттыру арқылы салымшыларға зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға ұйымдасқан түрде жәрдем беру.

## ПАЙЫМДАУ

БЖЗҚ – Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық легінің бірыңғай әкімшісі және операторы.

## ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- ✓ Сенімділік
- ✓ Ашықтық
- ✓ Тұтынушыға бағдарлану
- ✓ Ілгерішілдік және өзін-өзі жетілдіру
- ✓ Жауапкершілік

2022  2026

## МИССИЯ

Зейнетақы жинақтарын сенімді есепке алу және әрбір салымшыға қолжетімді сапалы зейнетақы қызметтерін көрсету

## ПАЙЫМДАУ

Жинақтаушы зейнетақыны қалыптастыру мен жоспарлауға дербестендірілген тәсілі бар жоғары технологиялық қаржы институты

## ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- ✓ Адамды және тұтынушыны бағдар тұту
- ✓ Сапаға бейімділік
- ✓ Технологиялылық
- ✓ Сенімділік
- ✓ Жауапкершілік
- ✓ Ашықтық

# ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕЛЕРІН ДАМУ

Халықаралық сарапшылар\* нысаналы мақсаты бойынша DC типі бойынша зейнетақы жоспарларының даму деңгейінің үш деңгейін ажыратады: **DC 1.0, DC 2.0 және DC 3.0**

Нұсқа	Сипаттамалар	Жүйенің құрылымын қамтушы
<b>DC 1.0</b> Қазіргі тәжірибеде ең көп таралған	<ul style="list-style-type: none"> <li>- параметрлер (сипаттамалар) саны шектеулі: жарналар мөлшерлемесінің мөлшері және қатысушыларға (салымшыларға) ұсынылатын инвестициялық стратегиялардың жиынтығы</li> <li>- жоспар зейнет жасына жеткен сәтте зейнетақы жинақтарының сомасын қолжетімді инвестициялық мүмкіндіктер шеңберінде барынша арттыруға бағытталған</li> <li>- қатысушылармен байланыс мазмұны жағынан өте қарапайым</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- зейнетақы жинақтарын пайдалану туралы шешім қабылдау бойынша дербес кеңес беру тек <u>зейнетке шыққанда</u> ғана қолжетімді (бір рет, кесте бойынша, өмір бойғы аннуитет)</li> </ul>
<b>DC 2.0</b> Қолданыстағы озық тәжірибе	<ul style="list-style-type: none"> <li>- зейнетақымен қамтамасыз ету жауапкершілігі қатысушының зейнеткерлік өмірінің барлық кезеңіне қолданылады (DC 1.0 нұсқасындағы «зейнеткерлікке шығу сәтіне» қарағанда)</li> <li>- ЗА инвестициялық басқаруында және тәуекел-менеджментінде басты назар кірістілікті барынша арттырудан зейнет жасының басталуына дейін қатысушының өмір бойы за кірістілігінің жалпы ішкі нормасын оңтайландыруға ауысады</li> <li>- жоспарға қатысушылармен байланыс неғұрлым кең</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жинақтау кезеңі ішінде жарналар мөлшерінің жүйелілігі мен жеткіліктілігін мониторингтеу, қатысушыларға негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін құралдарды ұсыну (әсіресе зейнетке шыққан кезде және зейнетке шығар алдында)</li> </ul>
<b>DC 3.0</b> DC жоспарларын дамытудағы болашақ кезең	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өмір бойы капиталды басқарудың кешенді жүйесі. DC 3.0 тәсілін шындыққа айналдыру үшін зейнетақы жоспарларының әкімшілеріне деректерді жинау мен өңдеудің озық әдістері мен талдаулар қажет болады.</li> <li>- салымшының барлық активтері (зейнетақыдан басқа) бойынша келтірілген жалпы табыстылықты оңтайландырады</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- әрқайсысының жеке жағдайларын ескере отырып, қатысушыларға жеке ұсыныстарды автоматты түрде қалыптастыру (<i>автоматтандырылған (роботтандырылған) жеке ұсыныстар жеке ұсынылған ұсыныстарды ауыстырған кезде тәжірибеге енеді</i>)</li> </ul>

# СЕНІМДІЛІК ҚҰРУ НЕГІЗДЕРІ (ЭЫДҰ ұсынымдары)

## Сенімділік түрлері:

- танымдық сенім – ұтымды немесе тәжірибеге негізделген
- аффективті сенім – қоршаған ортаның әсерінен эмоционалды немесе қалыптасатын

## Сенімді қалыптастыру негіздері:

- ✓ функцияларды орындау кезіндегі құзыреттілік немесе операциялық тиімділік, жалпы түсінік
- ✓ өз функцияларын орындау кезінде басшылыққа алынатын құндылықтар немесе негіздегі ниеттер мен қағидаттар

## Сенімді нығайту құралдары:

- ✓ қолжетімділік, сапа және жеделділік тұрғысынан қызметтер деңгейін арттыру
- ✓ Қызмет тұтынушылары күткендегіден асып түсу (яғни, аз уәде беріп, көп іс атқару)
- ✓ адамдар өздерінде дауыс беру құқығы бар екенін, оларға құрметпен қарайтындығын және белгілі бір мәселелер бойынша қажетті түсініктемелер ала алатындығын білуі керек
- ✓ қаражатты ұтымды пайдалану, қаржылық қызметтің ашықтығы
- ✓ ашықтық және азаматтармен диалогты нығайту
- ✓ дербестендірілген электрондық хабарлар
- ✓ қызметтерді автоматтандыру

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

 **2017-2021**

**Фокус:** ЖЗЖ қамтуын барынша кеңейту, тікелей, көзбе-көз, қашықтан қызмет көрсету жүйелері арқылы тең қолжетімділікті қамтамасыз ету

1. Үздік тәжірибелер стандарттарына сәйкес сапалы қызмет көрсету
2. Қазақстан Республикасы халқының Зейнетақы жинақтарын жоспарлау мәдениетін дамыту
3. Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын іске асыру



**Тәсіл қайта қаралды:** әрбір адамның жеке дара тұлға екендігін ескеру маңызды және жаппай қызмет көрсетуден бас тартып, жеке тұлғаға көшу керек.

 **2022-2026**

**Фокус:** зейнетақы қызметтерін көрсетуге және әр қатысушымен байланысқа жеке көзқарас. Қор бәрінен бұрын өзіне тән ерекшелігі бар адамды көреді.

1. Үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, әрбір қатысушымен зейнетақы қызметтерін және коммуникацияларды көрсетуге дербестендірілген тәсіл
2. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша БЖЗҚ жұртшылығымен және қарсы серіктестерімен тиімді өзара іс-қимыл жасау
3. Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу және заңнаманы іске асыру

# КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

## Тұтынушылар үшін стратегияны іске асырудың әсері



### ➤ Қолжетімділік:

- ~100% \* автоматты немесе электронды форматтағы зейнетақы қызметтері
- ~100%\* қашықтан online форматында автоматтандырылмаған қызметтер
- Зейнетақы қызметтерін көрсетуге, оның ішінде зейнетақы активтерін басқарушыны таңдауға арналған бірыңғай кешенді веб-платформа

### ➤ Сапа:

- Басымдық – тұтынушылардың қанағаттануы
- ISO 9001, 20000, 27001 сәйкестік сертификаттары
- Жоғары білікті, адал, ынталы қызметкерлер
- Қазіргі заманғы, көлемдендірілетін, істен шығуға төзімді ақпараттық технологиялар инфрақұрылымы (байланыс орталығының жаңа қондырғысы, CRM, BPM, КХД)
- Ақпараттық қауіпсіздіктің заманауи жүйелері
- Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету (метрокластерді қолдау және дамыту)

### ➤ Қамту:

- Салымшыларды автоматтандырылған дербес болжамды зейнетақы төлемдерімен 100% қамту
- Салымшыларға (жалдамалы қызметкерлер, жұмыс берушілер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар) және алушыларға ақпараттық-ақыл кеңес беру

### ➤ Сенімділік:

- ЖЗЖ мәселелері бойынша халықтың хабардарлығын арттыру (қаржылық, құқықтық, цифрлық сауаттылық)
- Кері байланыс қоңырауларын өңдеудің тиімді жүйесі
- БЖЗҚ қызметінің ашықтығын арттыру
- БЖЗҚ мен ЖЗЖ-ға деген сенімді арттыру

### ➤ ҚР заңнамасын іске асыру:

- Жұмыс берушіден міндетті зейнетақы жарнасын енгізу

\*Тұрақты тұруға шетелге көшуге байланысты төлемдерден басқа





[www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)



[enpf@enpf.kz](mailto:enpf@enpf.kz)



1418



Назар салғандарыңызға рахмет!

